

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»

Талапкер 2024 ж.

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шектік балл
«Сценография және сәндік өнер»	6B02118 – «Сценография -Жарық техникасы»	Қазақ Орыс	Жалпы орта немесе кәсіптік білім беру (көркемдік мектеп, көркемөнер колледж колледжі, өнер лицейлері, бейнелеу өнері студиялары және т.б.)	Жоқ	75 грант және ақылы

• 6B02118– «СЦЕНОГРАФИЯ - ЖАРЫҚ ТЕХНИКАСЫ» БЕЗЕНДІРУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:

- Жалпы орта немесе кәсіптік білімінің болуы (көркем сурет мектебі, көркем сурет колледжі, көркем өнер лицейлері, бейнелеу өнері студиясы және т.б.).
- Талапкердің бейнелеу өнері бойынша сауаттылығы және әр түрлі көркем сурет материалдарымен (карындаш, акварель, гуашь, майлы бояу және т.ғ.б.) сурет салу тәжірибесі және қалыптасқан дағдылары болуы қажет.

Іріктеу






- Құжаттарды қабылдау үшін талапкер іріктеу комиссиясына сурет, кескіндеме және композиция бойынша кемінде 20 шығармашылық жұмыстар ұсынуы тиіс.
- Ұсынылған жұмыстар негізінде құжаттарды қабылдау және шығармашылық емтихандарға қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданады.
- Ұсынылатын жұмыстар А1, А3, А4 форматынан кіші болмауы керек.
- Іріктеу комиссиясы үшін талапкердің өзі орындаған шығармалар ғана ұсынылуы тиіс. Авторлық оқу жұмыстар, академиялық жұмыстар, өз қиялына негізделген тақырыптық композициялар.
- Іріктеу комиссиясы тарапынан басқа авторлардың туындыларынан, интернеттен суреттерден, кітап репродукцияларынан және анимэден көшірілген жұмыстар қаралмайды.
- Талаптарға сәйкес келетін жұмыс үлгілері төменде берілген.

Іріктеу комиссиясына ұсынылатын жұмыстар үлгілері

Сурет

Бейнеленетін нысандар: гипстен жасалған геометриялық фигуралар, гипстік бас пен бюсттер, пейзаждар, натюрморттар, портреттер, адам фигурасының бейнелері, әртүрлі нобайлар мен суреттер.

Материалдар: қарындаш, жұмсақ материалдар: соус, көмір, сангина, пастель, тушь, графикалық жұмыстар (линогравюра).



Кескіндеме

Бейнеленетін нысандар: пейзаждар, натюрморттар, портреттер, адам фигурасының бейнелері, түрлі этюдтер мен суреттер.

Материалдар: акварель, гуашь, темпера, акрил, майлы бояулар.




Композиция

Бейнеленетін нысандар: ұлттық мотивтер мен қазіргі заманғы өмір тақырыбындағы картиналар, еркін тақырыптағы сюжеттік композициялар, абстрактілі - геометриялық, өрнектелген немесе стильденген композициялар.

Сонымен қатар көлемді мүсін, бедер немесе сәндік-қолданбалы өнер туындыларын (киіз, мата, металл, керамика, ағаш, былғары және т.б.) ұсынуға болады.

Материалдар: акварель, гуашь, темпера, акрил, майлы бояулар, графика, киіз, мата, металл, керамика, ағаш, тері және т.б.





ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР СУРЕТ (I шығармашылық емтихан)


Орындау уақыты – 5 сағат

Тапсырма: «Гипсты бастың суреті»

Материалдар: А2 форматындағы қағаз, қарындаш (2Н - 2В), өшіргіш, кнопкалар.

Емтиханға қойылатын талаптар:

1. Бейнеленген нысанды парақта сауатты композициялық орналастыру (кұрастыру)
2. Конструктивті құрылыс.
3. Пропорциялардың дәлдігі.
4. Модель бөлшектерін тональды өңдеу (штрихтау).
5. Материалды гипс пен фонның арақатынасы арқылы шынайы бейнелеу.



1. Сол жақта: Гипсты бас (Давид)

2. Оң жақта: Давид гипсты бастың суреті

КЕСКІНДЕМЕ (I шығармашылық емтихан)

Уақыт орындалуын - 5 сағат

Тапсырма: «Маталар және бірнеше заттары бар натюрморт»

Материалдар: А2 формат қағазы, қарындаш, өшіргіш, кнопкалар, акварель, гуашь, акрил, қылқаламдар, палитра, суға арналған ыдыс.

Емтиханға қойылатын талаптар:

1. Бейнеленетін нысанды қағазда композициялық сауатты орналастыру (компановка).
2. Сауатты түстік-колористикалық шешім.
3. Рендік қасиеттерін беру (жарқыраулар, рефлексстер, көлеңкелер).
4. Жарық-ауа ортасын беру.
5. Материалдылық пен фактураны (шыны, мата, жеміс және т.б.) берілуі.



1. Сол жақта: Натюрморт үлгісі
2. Оң жақта: Натюрморт кескіндемесінің үлгісі
- 3.

КОМПОЗИЦИЯ (II шығармашылық емтихан)

Орындау уақыты - 4 сағат

Тапсырма: Берілген тақырып бойынша декорация эскизін орындау.

Эскиздің композициялық шешімі талапкердің шығарманың негізгі идеясын нақты анықтау қабілетін болжайды. Емтихан кезінде талапкерге оқуға ұсынылған жұмыстар тізімінен бір тақырып жарияланады (төмендегі тізімді қараңыз).

Орындау техникасы: Хроматикалық шешім (түсті).

Материалдар: А3 формат қағазы, акварель, гуашь, қылқаламдар, қарындаштар, өшіргіш, палитра, суға арналған ыдыс, кнопкалар және т.б.

Міндеттер:

1. Берілген тақырып бойынша композицияның сауатты шешімі
2. Драматургиялық шығарманың негізгі идеясын аша білу.
3. Бейнелерді орындауда жаңалықтың болуы.
4. Кеңістікті (тереңдік, көлем, пішін пластикасы, ауқым) арқылы көрсету.
5. Тапсырмада көркем қиял, бейнелі түрде ойлау қабілеттерін көрсету.

«Сценография - Жарық техникасы» білім бағдарламасы бойынша «Композиция» шығармашылық емтиханың тапсыру үшін оқуға ұсынылған шығармалар тізімі:

1. У. Шекспир «Ромео мен Джульетта»
2. Ғ. Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
3. М.Әуезов «Абай жолы»
4. А.Чехов «Шие бағы»
5. Л. Кэрролл «Алиса ғажайыптар елінде»

Композиция бойынша тапсырма үлгісі



Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтихан сұрақтары бойынша: hudojestvennyifakul@yandex.kz

Оқуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: Kaznui.priem@gmail.com

Шығармашылық емтихандарды бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
20-25 (Сурет)	Барлық талаптарға сәйкестігі, жұмысты толық аяқтау	45-50	<ol style="list-style-type: none"> 1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясын ашу, қойылым бейнесін беруде жаңашылдықтың болуы. 2. Тапсырманы орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Сауатты композициялық шешім, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістікті жеткізу қабілетінің болуы (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, ауқымы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толық аяқтау
15-19	Барлық талаптарға сәйкес жұмыстың толық аяқталуымен, бірақ тональды пысықтау немесе материалдылықты жеткізу бойынша елеусіз ескертулермен	40-44	<ol style="list-style-type: none"> 1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясы толыққанды ашылмаған, қойылымның бейнесін беруде жаңашылдықтың болуы 2. Тапсырманы орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Сауатты композициялық шешім, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістікті жеткізу қабілетінің болуы (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, ауқымы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толық аяқтау
10-14	Барлық талаптарға сәйкестігі, жұмыстың толық аяқталмауы, бірақ пропорциялардың берілуі мен құрылымдық құрылысына қатысты ескертулермен	35-39	<ol style="list-style-type: none"> 1. Берілген драмалық шығарманың бейнелері ашылған, қойылым бейнесін беруде жаңашылдық бар. 2. Тапсырманы орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Сызба мен орналасудағы шамалы дәлсіздіктер, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістікті жеткізу қабілетінің болуы (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, ауқымы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толық аяқтау
5-9	Жұмысты аяқталмаған түрде орындау, үш талапқа сәйкес келмеуі	30-34	<ol style="list-style-type: none"> 1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясының жеткіліксіз ашылуы, қойылым бейнесін беруде жаңалықтың болуы. 2. Тапсырманы орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Түс пен композицияны берудегі елесіз қателіктер 4. Кеңістікті берудегі елеусіз қателер (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, масштабы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толыққанды

			орындамау
0-4	Барлық талаптарға сәйкес келмеуі (келесі емтиханға жіберілмейді)	25-29	1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясының жеткіліксіз ашылуы, қойылым бейнесін беруде жаңалықтың болуы. 2. Тапсырманы орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Сауатты композициялық шешім, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістікті берудегі елеусіз қателер (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, масштабы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толыққанды орындамау
20-25 (Кескіндеме)	Барлық талаптарға сәйкестігі, жұмыстың толық аяқталуы	20-24	1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясының жеткіліксіз ашылуы, қойылым бейнесін беруде жаңалықтың болуы. 2. Тапсырмаларын орындауда қиялды және бейнелі ойлауды көрсету 3. Сауатты композициялық шешім, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістікті берудегі қателер (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, масштабы) 5. Композиция бойынша жұмысты емтиханмен белгіленген мерзімде толық орындамау
15-19	Жұмыстың толық аяқталуымен барлық талаптарға сәйкестігі, бірақ материалдылық пен текстураны немесе жарық-ауа ортасын берудегі елеусіз ескертулермен	15-19	1. Берілген драмалық шығарманың негізгі идеясының жеткіліксіз ашылуы, қойылым бейнесін беруде жаңалықтың болуы. 2. Қиялдың және бейнелі ойлаудың жетіспеушілігі 3. Сауатты композициялық шешім, үйлесімді түс шешімі 4. Кеңістіктің берілуі жоқ (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, масштабы) 5. Аяқталмаған жұмыс
10-14	Жұмыстың толық емес аяқталуымен барлық талаптарға сәйкестігі, бірақ тоналдылықты және түсті-колористикалық шешімді берудегі ескертулермен	10-14	1. Бейнелер түпнұсқа емес. 2. Қиялдың және бейнелі ойлаудың мүлдем болмауы 3. Сауатты композициялық шешім, әлсіз түс схемасы 4. Кеңістіктің берілуі жоқ (тереңдігі, көлемі, пішіндердің пластикасы, масштабы) 5. Аяқталмаған жұмыс
5-9	Жұмысты аяқталмаған түрде орындау, үш талапқа сәйкес келмеуі	5-9	1. Суреттер түпнұсқа емес, алынған 2. Компоненттің болмауы 3. Аяқталмаған жұмыс
0-4	Барлық талаптарға сәйкес келмеуі (келесі емтиханға жіберілмейді)	0-4	Барлық талаптарды ескермеу. Емтиханға келмеу. Жұмыстың болмауы

Шығармашылық емтихан екі тапсырмадан тұрады «Сурет» және «Кескіндеме», қорытынды баға баллдарды қосу арқылы қойылады, әрбір тапсырманың максималды бал саны 25 балды құрайды.